

Қасым Аманжоловтың туғанына 100 жыл толуын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 24 қаңтардағы № 29 Қаулысы

«Мерейтойлар мен атаулы күндерді мерекелеу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылы 28 қыркүйектегі № 1465 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстанның аса көрнекті ақыны Қасым Аманжоловтың туғанына 100 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2011

жылғы

24

қаңтардағы

№

29

қаулысымен

бекітілген

Қазақстанның аса көрнекті ақыны Қасым Аманжоловтың туғанын 100 жыл толуын дайындау және өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары

Іс-шараның атауы	Жауапты орындаушылар	Орындалу мерзімі	Қаржыландыру көздері	Болжамды шығыстар (мың теңге)
2	3	4	5	6
Қасым Аманжоловтың таңдамалы шығармалар жинағын басып шығару	Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі	2011 жыл бойы	021 «Әлеуметтік маңызы бар әдебиет түрлерін басып шығару» республикалық бюджеттік бағдарламасы	1500,0
Қасым Аманжолов туралы деректі фильм түсіру және оны телеарналарда көрсету	Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі	2011 жыл бойы	025 «Мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу» республикалық бюджеттік бағдарламасы	1600,0
			011 «Әлеуметтік маңызы бар және	

«Еске алу кеші» атты концерт ұйымдастыру және өткізу	Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі	2011 жыл бойы	мәдени іс-шаралар өткізу» республикалық бюджеттік бағдарламасы	2011 жылғы IV тоқсан
«Қазақ поэзиясындағы Қасым Аманжолов дәстүрі» атты халықаралық ғылыми конференцияға дайындалу және оны өткізу	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	2011 жылғы IV тоқсан	Бюджеттен тыс қаражат	100,0
Халықаралық конференция материалдарын басып шығару	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі	2011 жылғы IV тоқсан	Бюджеттен тыс қаражат	270,0
Салтанатты жиналысы пен Қазақстанның өнер шеберлерінің концертін өткізу	Алматы қаласының әкімі	2011 жылғы III тоқсан	Жергілікті бюджет	1700,0
«Күніне жүз ойланып, мың толғанам, Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп» тақырыбына жас ақындарының облыстық әдеби конкурсын ұйымдастыру және өткізу	Қарағанды облысының әкімі	2011 жыл бойы	Жергілікті бюджет	228,5
Қасым Аманжолов атындағы ақындар мүшәйрасын өткізу	Қарағанды облысының әкімі	2011 жылғы IV тоқсан	Жергілікті бюджет	1200,0
«Жыры қалды жүректе жарқылдаған. Үні қалды құлаққа саңқылдаған...» атты дөңгелек үстелді дайындау және оны өткізу	Қарағанды облысының әкімі	2011 жылғы IV тоқсан	Жергілікті бюджет	200,0
«Қасым Аманжолов» тақырыбына жас ақындардың конкурсын өткізу	Қарағанды облысының әкімі	2011 жылғы IV тоқсан	Жергілікті бюджет	350,7
ЖИЫНЫ:			Республикалық бюджет	7080,0
			Жергілікті бюджет	3679,2
			Бюджеттен тыс қаражат	370,0